8D04110 - Экономика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) академиялық дәрежесін алу үшін Қанашаев Даулет Есенбайұлымен дайындалған «Технологиялық процестерді цифрландыруды қолдану арқылы кілем өнеркәсібіндегі кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттырудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдері» тақырыбындағы диссертациясына

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ

Қанашаев Даулет Есенбайұлының «Технологиялық процестерді цифрландыруды қолдану арқылы кілем өнеркәсібіндегі кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттырудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдері» тақырыбындағы диссертациясы кілем өндірісінде цифрлық технологияларды қолдана отырып кәсіпорынның инновациялық белсенділігін арттыру бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеуге арналған.

Бұл ретте автор кілем өндірісін мемлекеттік реттеудің шетелдік тәжірибесін талдау негізінде мемлекеттік қолдау институтын қалыптастыруда кілем өнеркәсібі мен мемлекет арасындағы жанама байланыстардың басты рөл атқаратынын дәлелдеген.

Сонымен қатар, кілем өндірісінің қалыптасуы мен дамуына арналған экономикалық әдебиеттердің барлығына қарамастан, оны дамыту және жетілдіру мәселесі, инновациялық қызметті басқарудың институционалдық нысандары, құрылымдары мен жүйелері өте аз зерттелген.

Бұл аспектілер Д.Е. Қанашаевтың зерттеу жұмысының өзектілігін арттыра түседі.

Кілем өндірісіне жаңа технологияларды енгізу қазіргі заманғы цифрлық құралдар мен математикалық модельдерді пайдалануды талап етеді.

Бұл зерттеуде регрессиялық модельдер көмегімен ресурстардың шектеулілігі жағдайында кілем өндірісіндегі еңбек өнімділігін ұтымдастыру және ондағы кәсіпорынның цифрландыру мақсатындағы инвестициялық, оқыту және басқа көрсеткіштерін талдау іске асырылған.

Диссертациямен жұмыс істегенде Д.Е.Қанашаев «фактор - тетік - көрсеткіш» қатынастарын іздеу мәселесіне, сондай-ақ үлгіні танудың математикалық теориясының және есептеу күрделілігі теориясының жалпы мәселелеріне арналған әдеби көздердің үлкен көлемін зерттеген.

Зерттеу жұмысындағы қолданылған дифференциалдық теңдеулер «Бал Текстиль» ЖШС кәсіпорынындағы технологиялық процестің айнымалыларындағы өзгерістерді дәлірек есепке алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы кілем өнеркәсібі саласының SWOT-талдауын жасай отырып, мемлекет деңгейінде, салалық деңгейде және де кәсіпорын деңгейінде инновациялық белсенділікті арттырудың сызбасы ұсынылып отыр. Сонымен қатар, тоқыма өнеркәсібінде кілем жасау кәсіпорындарын дамытудың институционалдық кеңістігін құру бағдарламасының тұжырымдамалық ережелері әзірленген.

Д.Е.Қанашаевтың теориялық және эксперименттік зерттеулері ғылыми журналдар мен ғылыми еңбектер жинақтарын қоса санда 7 жарияланымда көрініс тапты.

Д.Е. Қанашаевтың диссертациялық жұмыс шеңберінде жүргізген зерттеулеріндегі алынған нәтижелер мен жинақталған тәжірибені одан әрі өндірістік қызметте пайдалануға болады.

Диссертациялық жұмыс жоғары ғылыми деңгейде орындалған, ішкі бірлігі бар, жаңа ғылыми нәтижелерді практикалық пайдалану туралы ақпаратты қамтиды және диссертацияларға қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді.

Д.Е. Қанашаевтың 8D04110 - Экономика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған «Технологиялық процестерді цифрландыруды қолдану арқылы кілем өнеркәсібіндегі кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттырудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдері» тақырыбындағы докторлық диссертациясын Диссертациялық кеңеске көпшілік алдында қорғауға ұсынуға, ал оның авторына 8D04110 - Экономика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) академиялық дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

Ғылыми жетекші
PhD докторы
М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан университетінің
«Менеджмент» кафедрасының
доценті Есболова А.Е.

М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ БАСҚАРМАСЫ

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
ҚЖЖ бөлімінің
басшысы